

**ҚО ББ «Шахтинск  
қаласының білім  
бөлімі» ММ  
басшысы  
Н.Б.Онсовичке**

ҚО ББ Шахтинск қаласының ББ №12 жалпы білім беретін мектебі» КММ бойынша сыйайлар жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында жоспарланған іс-шаралар орындалды.

Бекітілген жұмыс жоспарына сай іс-шаралар атқарылды.

Тоқсан сайын сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мектеп ұжымымен жалпыға бірдей оқулар өтіледі. Оқыту барысында нормативтік құжаттар түсіндіріледі.

Мектеп оқушылары арасында адалдық, әділдік және сатылмаушылық қағидаттарын көрсететін үздік сурет көрмесі ұйымдастырылды. Әр сынып оқушылары салған суреттерін көрмеге қойып, мазмұнын қысқаша түсіндіріп тұрды. Осылайша балаларға сыйайлар жемқорлықтың қоғамда таралу қаупі мен зияны туралы мәліметтер берілді.

КР «Жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарau тәртібі туралы» Занын орындау шенберінде мектептің түрлі қажеттіліктері үшін зансыз ақшалай қаражаттар жинау туралы ата-аналармен оқушылармен мектеп әкімшілігі әңгіме-кенес өткізілді. «Адал ұрпақ» клубы мектепішілік бүйрықпен құрылып, топ мушелері тағайындалды. Мектеп кітапханасында «Парасат бұрышы» ұйымдастырылды. Сонымен қатар тақырыпқа байланысты мектеп дәлізінде оқушыларға бейне ролик көрсетілді.

Мектепің кре беріс дәлізінде сенім жәшігі мен сыйайлар жемқорлыққа қарсы қызмет телефон номері ілінген. 1-11 сынып оқушылары арасында «Сыйайлар жемқорлық деген не?», «Сыйайлар жемқорлыққа қарсы курес» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Сыйайлар жемқорлыққа қарсы курес істері бойынша «Адал ұрпақ» клубының мектепішілік жұмыс жоспары жасалынды.

«Адал Ұрпақ» оқушыларды отансүйгіштікке, азаматтылыққа, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыйайлар жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, окуга, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында клуб мушелерінің ұйытқы болуымен «Парасатты азамат» бұрышы жасалып, онда құнды ақпараттар жинақталды. Оқушылардың назарына адал еңбек ету керектігі, еңбек түбі-береке екені айтылып өтті. «Жемқорлық дегеніміз не?», «Жемқорлықтың қалай алдын алуға болады» сынды тақырыптарда әңгіме қозғады. Әр оқушы өз ойларын еркін жеткізіп, сыйайлар жемқорлыққа қарсы екендерін «Жемқорлық індегі –

жою міндет» тақырыбында 7-9 сыйныптар арасында қараша айында тәрбие сағаттары өткізілді.

«Мемлекеттік дамуына жемқорлықсыз жол» тақырыбында 5-11 сынып оқушылар арасында әнгіме жиналыш өткізілді. «Адал ұрпак» еріктілер үйімі топ басшысы және 10 оқушыдан құралды.

Директор

Э.Рамазанова

*Ө:* А.Рахметжан  
*т:* 8(72156)30610  
*✉:* sh\_osh\_12@mail.ru